

**АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ӨЗЕКТІ АСПЕКТІЛЕРІ**

**CURRENT ASPECTS OF ENSURING FOOD SECURITY**

**АКТУАЛЬНЫЕ АСПЕКТЫ ОБЕСПЕЧЕНИЯ ПРОДОВОЛЬСТВЕННОЙ БЕЗОПАСНОСТИ**

**С.С. ЫДЫРЫС<sup>1</sup>**  
э.ф.д., профессор  
**А. ДҮЙСЕНБЕКҰЛЫ<sup>1\*</sup>**  
Ph.D докторанты  
**Г.А. ПАЗИЛОВ<sup>2</sup>**  
Ph.D

<sup>1</sup>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,  
Түркістан, Қазақстан

<sup>2</sup>М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан  
\*автордың электрондық [abilai--han@mail.ru](mailto:abilai--han@mail.ru)

**S.S. YDYRYS<sup>1</sup>**  
D.E.Sc. Professor  
**A. DUISENBEKULY<sup>1\*</sup>**  
Ph.D student  
**G.A. PAZILOV<sup>2</sup>**  
Ph.D

<sup>1</sup> Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan

<sup>2</sup> M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan

\*corresponding author e-mail: [abilai--han@mail.ru](mailto:abilai--han@mail.ru)

**С.С. ЫДЫРЫС<sup>1</sup>**  
д.э.н., профессор  
**А. ДҮЙСЕНБЕКУЛЫ<sup>1\*</sup>**  
докторант Ph.D  
**Г.А. ПАЗИЛОВ<sup>2</sup>**  
Ph.D

<sup>1</sup>Международный казахско-турецкий университет им. Ходжи Ахмеда Ясауи,  
Туркестан, Казахстан

<sup>2</sup>Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан  
\*электронная почта автора: [abilai--han@mail.ru](mailto:abilai--han@mail.ru)

---

Аңдатпа. Азық-түлік қауіпсіздігі – елдің экономикалық тұрақтылығының, азық-түлік тауарларымен қамтамасыз етудің негізгі құрамдас бөліктерінің бірі. Бұл мәселені қарауға ғылыми көзқарас азық-түліктің ішкі нарығын қанықтыру мақсатында АӨК, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерді мемлекеттік реттеу мен қолдаудың тиімді нысандары мен тетіктерін іздеуді және енгізуді талап етеді. *Мақсаты* – қалыптасқан жағдайды талдау және Қазақстанның тамақ қауіпсіздігін нығайту жөніндегі шараларды әзірлеу. *Әдістері* – талдау, синтездеу, салыстырмалы артықшылықты белгілеу, болжау, жалпылау, шетелдік және отандық ғалымдардың ғылыми еңбектерін зерттеу. Бұл ғылыми зерттеу ресми статистикалық мәліметтерге, Дүниежүзілік Банктің аналитикалық ақпаратына, Азық-түлік қауіпсіздігінің жаһандық индексінде ұсынылған көрсеткіштерге сүйенеді. Нәтижелер – дәнді дақылдарды, оның ішінде күріш пен бұршақ дақылдарын өндіру серпіні, республиканың ЖІӨ-дегі тамақ өнімдерінің үлесі, тамақ өнімдерін өндіру жөніндегі кәсіпорындардың инновациялық қызметі, кооперация негізінде шағын өндірушілердің интеграцияланған құрылымдары ретінде кластерлер құру, мамандануды ескере отырып, жерді пайдалануды оңтайландыру және ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді ұтымды пайдалану, көлемдерді айқындайтын бірыңғай электрондық деректер базасын қалыптастыру қажеттілігі көрсетілген ішкі сұраныс, экспорт, импорт үшін қажетті тамақ





аграрлық өнімдерден қорғайды, бұл өз өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігінің төмендеуіне әкеледі [5]. Кей ғалымдарымыздың пікірінше елдің азық-түлікке деген қажеттілігін азаматтардың қалыпты өмір сүруіне кепілдік беретін деңгейде қамтамасыз ету мүмкіндігі деп қарастырады [6].

Бір авторларымыз болса, мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігі елді өз ресурстарымен қамтамасыз ету, импорттың оңтайлы көлемі, экспортқа жоғары бәсекелестік, агроөнеркәсіптік кешен мен тамақ өнеркәсібінің даму деңгейі мен қарқыны, стратегиялық және жедел азық-түлік резервтерінің мөлшері және елдің азық-түлік кешенінің тұрақтылығы есебінен қамтамасыз етіледі дейді [7].

Азық-түлік қауіпсіздігі ретінде әр адамға, жалпы халықтың әрбір әлеуметтік тобына ықпал ететін, ұлттық және халықаралық сипаттағы күрделі, көпқырлы мәселе ретінде қарастыратын ғалымдарымыз да бар [8]. Зерттеуші ғалымдарымыздың еңбектерінде азық-түлік қауіпсіздігі экономикалық әл-ауқаттың ажырамас шарты және кез келген мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігінің маңызды векторы болып табылады деп көрсетілген [9].

#### Нәтижелер және оларды талқылау.

«Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Заңында азық-түлік қауіпсіздігі экономикалық қауіпсіздіктің негізгі құраушы бөлігі ретінде көрсетілген [10].


Елдің азық-түлік қауіпсіздігі ұлттық қауіпсіздік жүйесінде ерекше маңызға ие

болып табылады және мемлекеттің экономикалық тұрақтылығы мен саяси тәуелсіздігін, ұлттық және мемлекеттік мүдделерге нұқсан келтірместен өз азаматтарының негізгі қажеттіліктерін қамтамасыз ету қабілетін сипаттайды.

Бүгінгі таңда мемлекеттің ішкі азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етумен қатар, жаһандық азық-түлік мәселелелері қауіпсіздігін қолдауды, экспорт-импорт балансы, кедей халыққа азық-түлік көмегін ұйымдастыру мәселелерін шешуге бағытталған 35 халықаралық ұйым жүзеге асырады [11].

Азық-түліктің белгілі бір түрлері елде өндірілмейтін немесе олардың өндірісі шектелген кезде олардағы азық-түлік қауіпсіздігі басқа елдерден сатып алу арқылы қамтамасыз етіледі. Бұл ретте азық-түліктің жетіспеушілігі тұрғысынан экспорттаушы елдерге азық-түлік, саяси немесе басқа да тәуелділіктің пайда болуына жол бермеу маңызды.

Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіп кешені біртіндеп дамып келеді, ауыл шаруашылығының кейбір салаларында алдыңғы 10 жылмен салыстырғанда айтарлықтай ілгерілеушілік байқалады. Дәнді (күрішті қосқанда) және бұршақты дақылдар көлемі 2010 жылы 12 185,2 мың тонна жиналса, 2022 жылы оның көлемі 2 есеге жуық артып 22 030,5 мың тоннаны құраған (1 сурет).



■ Дәнді (күрішті қосқанда) және бұршақты дақылдар

Ескерту: [12] негізінде авторлармен құрастырылды

1 сурет – ҚР бойынша дәнді (күрішті қосқанда) және бұршақты дақылдар, мың тонна

Өсімдік шаруашылығында негізінен астық, өсімдік майлары және басқа да дақылдар пайдасына дақыл құрылымын әртараптандыруға көшу біртіндеп дамып

келеді. Елімізде соңғы жылдары жеміс-жидек дақылдарын өндіруде де оң үрдістер бар. Сонымен қатар соңғы екі онжылдықта күрделі проблемаларды бастан кешірген

елде мал шаруашылығында ауыл шаруашылығы жануарларының тұқымдық құрамы негізінен жақсаруда.

Отандық мал шаруашылығы өнімдерін өндіру де оң дамуға бейім, бұл елімізде өндірілген ет және сүт өнімдерінің көлемі туралы мәліметтермен расталады. Елімізге үшінші елдерден табиғи-климаттық жағдайларға байланысты елімізде өндірілмейтін азық-түліктің жекелеген түрлері әкелінеді. Бұл тропикалық жемістер, жаңғақтар, зәйтүн майы, кофе, какао бұршақтары және т.б.

Оң өзгерістерді айта отырып, жергілікті ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің қызметін ынталандыру үшін түрлі субсидиялар мен жеңілдетілген шарттар түріндегі бүкіл агроөнеркәсіп кешенін дамытуды қолдауға бағытталған мемлекеттік аграрлық саясаттың маңызды рөлін атап өту қажет. Бұл агроөнеркәсіп кешенін мемлекет тарапынан қолдау шараларының негізгі мақсаты еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін барынша қамтамасыз ету және ауыл шаруашылық өнімдерінің экспортын арттыру болып табылады.

Жоғарыда атап өткеніміздей азық-түлік қауіпсіздігі мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштерінің бірі болып саналады. Сондықтан да мемлекет тарапынан елдегі азаматтарды азық-түлікпен қамтамасыз етуде нақты көрсеткіштер, өлшемдер бойынша мониторинг жасап, оған әсер ететін ішкі және сыртқы факторларды ескере отырып, үнемі азық-түлікке деген қажеттілікті қадағалап отыру қажет.

Бүгінгі таңда дамушы және дамыған елдерде азық-түлік қауіпсіздігінің қозғаушы күштерін өлшейтін 68 сапалық және сандық көрсеткіштер негізінде Ұлыбританияның Economist Intelligence Unit (Британдық Economist Group баспа тобының аналитикалық бөлімшесі) зерттеу компаниясы шығарған жаһандық зерттеу және онымен бірге жүретін азық-түлік қауіпсіздігі деңгейі бойынша әлем елдерінің рейтингін анықтайтын азық-түлік қауіпсіздігі индексі (Global Food Security Index) бар. Бұл индекс 2012 жылдан бері жүргізіліп келеді және қазіргі уақытта әлемнің әртүрлі елдері бойынша азық-түлік қауіпсіздігі көрсеткіштерінің ең толық кешенін ұсынады. Индекс азық-түлік қауіпсіздігін төрт негізгі параметр бойынша бағалайды: қолжетімділік, ассортимент, сапа және қауіпсіздік, тұрақтылық және бейімделу [13].

2022 жылғы Азық-түлік қауіпсіздігі индексіне Қазақстан позициясын 5 пунктке

жақсарта отырып, 32-орынға ие болды, индекс 72,1 балды құрады. Ресей 43-орын, индекс 69.1 балл, Беларусь Республикасы 55-орын, индекс 64.5 балл, Әзірбайжан 66-орын, индекс 59.8 балл, Өзбекстан 73-орын, индекс 57.5 балл, Тәжікстан 75-орын, индексі 56.7 балл [14].


Бұл индексте Қазақстан Республикасының алға жылжуына жабдықтаудың жеткіліктілігін қамтамасыз ету (62 пунктке жақсарту), азық-түлік қауіпсіздігі және қолжетімділік саласындағы саясат бойынша міндеттемелер (51 пунктке жақсарту), ауыл шаруашылығы өнімдерінің саудасы (22 пунктке жақсарту) бойынша елеулі жақсартулар оң ықпал етті. Сонымен қатар компоненттер бөлінісінде Қазақстанның күшті жақтары «тұрақтылық және бейімделу» (22 орын) және «ассортимент» (23 орын) болып табылады [қараңыз 1].

Қазақстанның индекстегі позициясының жақсаруына қарамастан, әлсіз жағы – Қазақстан 97-орында тұрған азық-түлік өнімдерінің орташа бағасының өзгеруі, нәтижесінде қолжетімділік бойынша позиция 49-орынға дейін төмендеді. Оның негізгі себебі өткен жылы елімізде инфляция деңгейінің жоғары болып 20,3% құрады, ал азық-түлік тауарларының бағасы 25,3%-ға өсті [қараңыз 12].

Жоғары қарастырып өткен көрсеткіштерден елімізде азық-түлік қауіпсіздігі индексінің жоғарылағаны, ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру көлемі артқанымен ауыл шаруашылығының даму деңгейі және оның жалпы ішкі өнімге (ЖІӨ) қосқан үлесі алдыңғы онжылдықтармен салыстырғанда төмен күйінде қалып отыр (2 сурет).

Еліміз егемендік алғаннан кейін көп ұзамай елдің энергетикалық секторының жоғары өсу қарқыны ауыл шаруашылығының ел экономикасындағы үлесінің азаюына тікелей ықпал еткені белгілі. 2022 жылы Қазақстанның ЖІӨ-дегі ауыл шаруашылығының үлесі 5,1% немесе 5,2 трлн теңгені құрады. Статистикалық мәліметтер бойынша 2010-2022 жылдар аралығында елімізде ауыл шаруашылығы өндірісі ЖІӨ-нің 4,5%-5,5% аралығында қалып отыр. Статистикалық мәліметтер бойынша 1990 жылы ауыл шаруашылығының ЖІӨ-дегі үлесі 34% құраған [қараңыз 12].

Қазақстан экономикасы үшін азық-түлік өнімдерін өндіру қаншалықты артықшылыққа ие екендігін білу маңызды. Себебі бұл саланы дамытуда жүйелі түрде жұмыс жасау қажеттігін көрсетеді.



Ескерту: [қараңыз 12] негізінде авторлармен құрастырылды

2 сурет – Қазақстан Республикасы ЖІӨ-дегі ауыл шаруашылығы өнімдерінің үлесі, %

Ол үшін алдымен азық-түлік өнімдері бойынша RCA индексін есептейміз. Бұл RCA индексі азық-түлік өнімдерінің экспорттық артықшылығын белгілеу және оны кейіннен дамыту үшін тиісті шаралар әзірлеуге мүмкіндіктер береді. Азық-түлік өнімдері бойынша RCA индексін Еуразиялық экономикалық одаққа (ЕАЭО) мүше мемлекеттер шеңберінде қарастырамыз.

ЕАЭО мүше бес елдің 2010-2020 жылдар аралығындағы азық-түлік өнімдері

бойынша RCA индексін қарастыратын болсақ, олардың нәтижелері келесідей (кесте). Бұл бес елді салыстырмалы қарастыруымыздың негізгі себебі, олардағы жағдайлар (кедендік тарифтер, елдер арасындағы жұмыс күші миграциясы, заңнамалық реттеу тетіктері) ұқсас болып табылады және бұл елдердің барлығы бұрынғы Кеңес Одағының құрамынан шығып отыр.

Кесте – ЕАЭО мүше елдердің азық-түлік өнімдері өндірісі бойынша RCA индексінің көрсеткіші

Ел	2010	2011	2012	2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020
Армения	5,60	5,62	7,14	7,12	5,71	3,87	3,70	4,73	4,40	4,32	3,37
Белоруссия	0,34	0,23	0,51	0,83	1,20	1,15	1,15	1,31	1,39	1,27	1,44
Қазақстан	0,08	0,06	0,08	0,12	0,15	0,19	0,31	0,25	0,24	0,25	0,30
Қырғызстан	1,10	1,30	0,74	0,65	0,82	0,62	0,71	0,55	0,84	0,63	0,69
Ресей	0,23	0,24	0,30	0,33	0,36	0,40	0,41	0,43	0,41	0,49	0,62

Ескерту: [15] негізінде авторлармен құрастырылды

Кесте мәліметтері бойынша азық-түлік өнімдері өндірісі бойынша 2010-2020 жылдар аралығында Арменияның көрсеткіштері осы аталған бес елдің ішінде жоғары және үнемі  $RCA > 1$  болып отыр. Белоруссияда 2010-2013 жылдары  $RCA < 1$  болса, 2014-2020 жылдар аралығында  $RCA > 1$  болып отыр. Қазақстанда 2010-2020 жылдар аралығында  $RCA < 1$  болып отыр. Қырғызстанда 2010-2011 жылдары  $RCA > 1$  болса, 2012-2020 жылдар аралығында  $RCA < 1$  болып отыр. Ал Ресейде 2010-2020 жылдар аралығында  $RCA < 1$  болып отыр.

Кесте мәліметтерінен белгілі болып отырғандай, Белоруссия және Армения елдерінде азық-түлік өнімдерін өндіру бәсекелестік артықшылыққа ие сектор ретінде танылып отыр. Ал Қазақстан,

Қырғызстан және Ресей елдерінде азық-түлік өнімдерін өндіру бәсекелестік артықшылыққа ие емес екендігін көрсетіп отыр.

Біздің ойымызша бүгінгі таңда елімізде өндірілген азық-түлік өнімдерінің бәсекелестік артықшылығын қамтамасыз ету үшін отандық тамақ өнімдерін өндіретін кәсіпорындардың инновациялық белсенділігін арттыру қажет. Өйткені нарықтық экономикада инновациялар бәсекелестіктің тиімді құралы болып табылады, сонымен қатар жаңа қажеттіліктерді құруға, өнімнің өзіндік құнын төмендетуге, инвестициялар ағынына, жаңа өнімдерді өндірушінің имиджін арттыруға, жаңа нарықтарда, соның ішінде сыртқы нарықтарда танымал болуға оң ықпал етеді.

Статистикалық мәліметтер еліміздегі тамақ өнімдерін өндіретін кәсіпорындардың инновациялық белсенділігі айтарлықтай жоғары емес екендігі белгілі болды (3 сурет). Ал салыстырмалы түрде қарастыратын болсақ, Еуропалық Одаққа мүше

елдерде кәсіпорындардың инновациялық белсенділігі орташа 48,9%-ды құрайды, ал Польшада – 23%, Ұлыбританияда – 50,3%, Францияда – 53,4%, Италияда – 56,1%, Германияда – 66,9% [16].



Ескерту: [қараңыз 12] негізінде авторлармен құрастырылды  
3 сурет – ҚР бойынша тамақ өнімдерін өндіретін кәсіпорындардың инновациялық белсенділігі, %

3 сурет мәліметтерінен белгілі болып отырғандай отандық тамақ өнімдерін өндіретін кәсіпорындардың инновациялық белсенділік деңгейі 2017 жылы 16,5% болса, 2021 жылы біршама төмендеп 12,5%-ды құраған. Қазақстан Республикасы бойынша кәсіпорындардың орташа инновациялық белсенділік деңгейі 2017 жылы 9,6% болса, 2021 жылы 10,5%-ды құраған. Еліміздегі тамақ өнімдерін өндіретін кәсіпорындардың инновациялық белсенділік деңгейі жалпы республика бойынша кәсіпорындардың орташа инновациялық белсенділік деңгейінен шамалы жоғары, бірақ Еуропалық Одаққа мүше елдерімен салыстырғанда 4 есеге жуық төмен екендігі көрініп тұр.

Алдағы уақытта отандық азық-түлік өнімдерін өндіретін кәсіпорындардың инновациялық белсенділігін арттыру үшін, біріншіден, олардың заманауи техника, құрал-жабдықпен қамтамасыз етілуіне үлкен мән беру қажет. Себебі қазіргі уақытта заманауи техника мен технологияларды қолдану арқылы өндірілген өнім сапасы жоғары және өндіріс қалдықтары аз болады, ал бұл қосылған құны жоғары бәсекеге қабілетті азық-түлік өнімдерін өндіруге тікелей әсер етеді.

Екіншіден, бүгінгі таңда білікті мамандардың жетіспеушілігіне байланысты азық-

түлік өнімдерін өндіретін кәсіпорындарға білікті, тәжірибелі кадрларды шетелдерден тарту арқылы олардың тәжірибелерін жергілікті мамандарға үйрету қажет. Бұл көп қаражат жұмсамай жергілікті мамандардың халықаралық тәжірибелерді меңгеруіне оң ықпал ететін болады.

Үшіншіден, отандық азық-түлік өнімдерін өндіретін кәсіпорындар мен ғылыми-зерттеу орталықтары, жоғары оқу орындары арасында ынтымақтастықты күшейту қажет. Бұл отандық азық-түлік өнімдерін өндіретін кәсіпорындардың ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды (ҒЗТҚЖ) жүргізуге, зерттеулер нәтижесінде алынған ғылыми жаңалықтарды өндіріс үдерісіне енгізу арқылы инновациялық өнімдерді өндіруге ықпал ететін болады.

Біздің елімізде халыққа ең қажетті азық-түлік өнімдерімен ішкі нарықты толық қамтып, сонымен қатар азық-түлік өнімдері экспортының үлесін барынша арттыруға толық мүмкіндіктер бар. Сондықтан да алдағы уақытта азық-түлік өнімдері өндірісі саласын бәсекелестік артықшылыққа ие салаға айналдыруымыз қажет.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және өндірілген азық-түлік өнімдерінің

бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін мыналар қажет:

- Қазақстан Республикасында азық-түлік импортын қысқарту және олардың өндірісін ұлғайту саясатын жүзеге асыру;
- материалдық-техникалық базаны жаңарту, салаға қажетті жаңа технологиялармен қамтамасыз ету;
- азық-түлік саласындағы шикізаттарды терең өңдеу арқылы бәсекеге қабілетті инновациялық өнімдер өндіру;
- тиімділікті арттыру және кластерді қалыптастыру, бұл кооперация негізінде шағын өндірушілерді орта және ірі өндіріске біріктіру, мамандандыруды ескере отырып, жерді пайдалануды оңтайландыру және оларды ұтымды пайдалану;
- елімізде өндірілген азық-түлік өнімдерінің көлемі, экспортталған және импортталған азық-түлік өнімдерінің көлемі мен ішкі сұранысқа қажетті азық-түлік өнімдерінің көлемін үнемі анықтап отыратын бірыңғай электрондық базаны қалыптастыру;
- бәсекеге қабілетті өнім шығаруға қабілетті отандық азық-түлік өнімдерін өндірушілерді тиімді мемлекеттік қолдау саясатын үздіксіз іске асырып отыру.

#### Қорытынды.

1. Зерттеулер барысында «азық-түлік қауіпсіздігі» категориясы жан-жақты қарастырылып, ғалымдарымыздың еңбектеріне зерттеулер жасалынды.

2. Еліміздегі ауыл шаруашылығы өнімдерінің, әсіресе дәнді (күрішті қосқанда) және бұршақты дақылдар өндіру көлемі жылдан-жылға артып, әлемдік Азық-түлік қауіпсіздігі индексында Қазақстан позициясының жақсарып отырғандығы белгілі болды.

3. Қазақстан Республикасында ауыл шаруашылығын тұрақты мемлекеттік қолдаудың болғанына қарамастан ауыл шаруашылығы өнімдерінің ЖІӨ-ге қосқан үлесі алдыңғы онжылдықтармен салыстырғанда төмен күйінде қалып отырғандығы айқындалды.

4. RCA индексінің көрсеткіштері бойынша елімізде азық-түлік өнімдерінің экспорттық бәсекелестік артықшылыққа ие емес екендігі, отандық тамақ өнімдерін өндіретін кәсіпорындардың инновациялық белсенділік деңгейінің төмендігі анықталды.

5. Елімізде азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және өндірілген азық-түлік өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру жолдары ұсынылды.

#### Әдебиеттер тізімі

[1] Индекс продовольственной безопасности-2022 [Электронный ресурс].-2022.- URL:https://www.economy.kz/ru/Novosti\_institut

a/id=5250#:~:text=(дата обращения: 12.02.2023).

[2] Сатыбалдин, А.А. Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігі: жағдайы және мүмкіндігі / А.А. Сатыбалдин, Г.Қ. Темирова, Т.А. Жүнісбекова // Экономика: стратегия және практика. – 2020. - № 2 (15). -Б. 5-14.

[3] Pazilov G.A. Textile Industry: Issues Of Managing The Growth Of Innovative Activity In Enterprises/ G.A. Pazilov, L.F. Bimendiyeva, N.P. Ivashchenko, A.N. Aitymbetova // Polish Journal Of Management, Studies, 2020.-N 21 (1).-P. 297-315 .

[4] Бримбетова, Н.Ж. Азық-түлік қауіпсіздігі және аймақтардың әлеуметтік дамуы: халықаралық тәжірибе / Н.Ж. Бримбетова, Г.Қ. Темирова, А.А. Султанаев // Экономика: стратегия және практика. – 2023. - № 1. – Б.36-54.

[5] Дадалко, В.А. О продовольственной безопасности в контексте национальной и экономической безопасности государства / В.А. Дадалко// Безопасность бизнеса. – 2014. – №1. – С. 22-23.

[6] Алтухов, А.И. Мировой продовольственный кризис: причины возникновения и проблемы преодоления / А.И.Алтухов // АПК: экономика, управление.– 2010.–№2.– С. 3-25.

[7] Дедкова, Е.Г. Актуальные аспекты обеспечения продовольственной безопасности / Е.Г. Дедкова, И.А. Коростелкина, О.П. Жидова // Вестник Казахского государственного университета им. Аль-Фараби. Серия Экономическая.- 2019.-№3 (129). - С. 172-183.

[8] Мизанбекова, С. Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету /С. Мизанбекова, Б. Қалыкова, А. Джумабаева // Проблемы агрорынка.- 2020.-№4. -Б. 31-39.

[9] Яновская, О.А., Сагинова С.А. Продовольственная безопасность Казахстана в условиях интеграции: проблемы и перспективы / О.А. Яновская, С.А. Сагинова.– Караганда: ТОО «Tengri ltd», 2020. - 210 с.

[10] Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 6 қаңтардағы № 527-IV Заңы [Электрондық ресурс].- 2012.- URL: https://www.adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1200000527 (қаралған күні: 12.02.2023).

[11] Добросоцкий, В.И. Обеспечение продовольственной безопасности в старанах Евразийского экономического союза: мировой и региональные аспекты: монография / В.И. Добросоцкий. – М.: Одинцовский филиал МГИМО, 2019. – 128 с.

[12] Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі Ұлттық статистика бюросы статистикалық жинақтары. [Электрондық ресурс].- 2023.- URL:https:// www.stat.gov.kz. (қаралған күні: 06.02.2023).

[13] About the Global Food Security Index [Electronic resource] . - 2 0 2 2 - URL:https://www.



impact.economist.com/sustainability/project/food-security-index/about (date of access: 14.02.2023).

[14] Global Food Security Index 2022 [Electronic resource].- 2022.- URL:https://www.impact.economist.com/sustainability/project/food-security-index (date of access: 15.02.2023).

[15] RCA By Country Product to World [Electronic resource].-2021 URL: https://www.wits.worldbank.org (date of access: 09.02.2023).

[16] Каменских, М.А. Инновационная активность стран Евросоюза /М.А. Каменских// Российский внешнеэкономический вестник. – 2016. - № 11. – С. 122-133.

### References

[1] Indeks prodovol'stvennoj bezopasnosti-2022 [Food Security Index-2022] Available at: https://economy.kz/ru/Novosti\_instituta/id=5250#:~:text=(date of access : 12.02.2023) [In Russian].

[2] Satybaldin, A.A., Temirova, G.K., Zhunisbekova, T.A. (2020). Qazaqstannyñ azyqtülk qauıpsızdıǵı: jaǵdaiy jáne мүmkındıǵı [Food security of Kazakhstan: conditions and opportunities]. *Ekonomika: strategiya jáne praktika - Economy: Strategy and practice*, 2 (15), 5-14 [in Kazakh].

[3] Balassa, B. (1965) Trade Liberalization and Revealed Comparative Advantage. *The Manchester School of Economic and Social Studies*, 33, 99–123.

[4] Conway, G., Barber E. (1990). After the Green Revolution. *Sustainable Agriculture for Development*, London, 60.

[5] Dadalko, V.A. (2014) O prodovol'stvennoj bezopasnosti v kontekste nacional'noj i jekonomicheskoy bezopasnosti gosudarstva [On food security in the context of national and economic security of the State]. *Business Security*, 1, 22-23. [In Russian]

[6] Altuhov, A.I. (2010). Mirovoj prodovol'stvennyj krizis: prichiny vozniknoveniya i problemy preodoleniya [The global food crisis: causes and problems of overcoming]. *APK: ekonomika, upravlenie - Agro-industrial complex: economics, management*, 2, 3-25. [In Russian]

[7] Dedkova, E.G., Korostelkina, I.A., Zhidova, O.P. (2019). Aktual'nye aspekty obespecheniya prodovol'stvennoj bezopasnosti [Current aspects of food security] *Vestnik Kazhskogo gosudarstvennogo universiteta im. Al'-Farabi - Journal of Economic Research &*

*Business Administration*, 3 (129), 172-183 [In Russian].

[8] Mizanbekova, S., Kalykova, B., Dzhumabaeva, A. (2020). Qazaqstannyñ azyqtülk qauıpsızdıǵın qamtamasyz etu [Ensuring food security of Kazakhstan]. *Problemy agrorynka - Problems of AgriMarket*, 4, 31-39 [In Kazakh]

[9] Janovskaja, O.A., Saginova, S.A. (2020). Prodovol'stvennaja bezopasnost' Kazahstana v uslovijah integracii: problemy i perspektivy [Food security of Kazakhstan in the context of integration: problems and prospects]. Karaganda: TOO «Tengri ltd» - Karaganda: LLP «Tengri ltd», 210 [In Russian].

[10] Qazaqstan Respublikasynyñ ultiq qauıpsızdıǵı turaly Qazaqstan Respublikasynyñ 2012 jylǵy 6 qańtardaǵy No. 527-IV Zańy [Law of the Republic of Kazakhstan dated January 6, 2012 No. 527-IV on national security of the Republic of Kazakhstan] (2012). Available at: URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z12000005\_27 (date of access: 12.02.2023) [in Kazakh].

[11] Bajdalinova, A.S. (2017) «Priorityty sovremennogo social'no- jekonomicheskogo razvitija Kazahstana: teorija i praktika» [The essence of threats to economic security. Mater. international scientific and practical conference "Priorities of modern socio-economic development of Kazakhstan: theory and practice"]. Astana KazUEFIT, 100-104 [in Russian].

[12] Qazaqstan Respublikasy Strategialyq josparlau jáne reformalar jónindegi agenttıtı Ulttyq statistika bürosy statistikalyq jinaqtary [Statistical collections of the National Bureau of Statistics, Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan]. Available at: https://www.stat.gov.kz. (date of access : 06.02.2023) [in Kazakh].

[13] About the Global Food Security Index. Available at: https://impact.economist.com/sustainability/project/food-security-index/about (date of access 14.02.2023).

[14] Global Food Security Index 2022 (2022). Available at: URL: https://impact.economist.com/sustainability/project/food-security-index. (date of access 15.02.2023).

[15] RCA By Country Product to World (2021). Available at: https://wits.worldbank.org. (date of access 09.02.2023).

[16] Kamenskih, M.A. (2016). Innovacionnaja aktivnost' stran Evrosojuza [Innovative activity of the EU countries] *Rossijskij vneshne-ekonomicheskij vestnik - Russian Foreign Economic Bulletin*, 11, 122-133 [In Russian].

### Авторлар туралы ақпарат:

*Ыдырыс Серікбай Садуақасұлы*; экономика ғылымдарының докторы, профессор; «Мемлекеттік басқару және халықаралық қатынастар» кафедрасының профессоры; Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті; 161200, Б.Саттарханов даңғ., 29, Түркістан қ., Қазақстан; e-mail: serikbay.ydyrys@ayu.edu.kz; https://orcid.org/0000-0003-0593-1990



*Дүйсенбекұлы Абылай-хан* – **негізгі автор**; Ph.D докторанты; «Мемлекеттік басқару және халықаралық қатынастар» кафедрасының; Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті; 161200 Б.Саттарханов даңғ., 29, Түркістан қ., Қазақстан; e-mail: abilai-han@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0003-2579-42-41>

*Пазилов Галимжан Абдирасулович*; Ph.D, аға оқытушы; «Қаржы» кафедрасының аға оқытушысы; Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті; 160012 Тауке хан даңғ., 5, Шымкент қ., Қазақстан; e-mail: pgalimjan@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-8880-9562>

#### **Information about authors:**

*Ydyrys Serikbay Saduakasuly*; Doctor of Economic Sciences, Professor; Professor of the Department of Public Administration and International Relations; Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University; 161200 B.Sattarkhanov Ave., 29, Turkestan, Kazakhstan; e-mail: serikbay.ydyrys@ayu.edu.kz; <https://orcid.org/0000-0003-0593-1990>

*Duisenbekuly Abylay-khan* – **The main author**; Ph.D student of the Department of Public Administration and International Relations; Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University; 161200 B.Sattarkhanov Ave., 29, Turkestan, Kazakhstan; e-mail: abilai-han@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0003-2579-42-41>

*Pazilov Galimzhan Abdirassulovich*; Ph.D; Senior lecturer of the Department of Finance; Mukhtar Auezov South Kazakhstan University; 160012 Tauke Khan Ave., 5, Shymkent, Kazakhstan; e-mail: pgalimjan@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-8880-9562>

#### **Информация об авторах:**

*Ыдырыс Серикбай Садуақасулы*; доктор экономических наук, профессор; профессор кафедры «Государственное управление и международные отношения»; Международный казахско-турецкий университет им. Ходжи Ахмеда Ясави; 161200 пр.Б.Саттарханова, 29, г.Туркестан, Казахстан; e-mail: serikbay.ydyrys@ayu.edu.kz; <https://orcid.org/0000-0003-0593-1990>

*Дүйсенбекұлы Абылай-хан* – **основной автор**; докторант Ph.D; кафедра «Государственное управление и международные отношения»; Международный казахско-турецкий университет им. Ходжи Ахмеда Ясави; 161200 пр.Б.Саттарханова, 29, г.Туркестан, Казахстан; e-mail: abilai-han@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0003-2579-42-41>

*Пазилов Галимжан Абдирасулович*; Ph.D; старший преподаватель кафедры «Финансы»; Южно-Казахстанский университет им. Мухтара Ауэзова; 160012 пр.Тауке хана, 5, г.Шымкент, Казахстан; e-mail: pgalimjan@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-8880-9562>